

## **Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес поливитаминді, витаминді препараттар мен поливитаминді кешендерді сыныптау туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 28 наурыздағы № 44 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **ш е ш т і**:

1. Белсенді ингредиент ретінде витаминдердің немесе дәрумендердің қоспасы бар аралас немесе араласпаған өнімдерден, сондай-ақ дәрілік формаларға немесе бөлшек саудаға арналған пішіндерге немесе қаптамаларға салынған, витамин жетіспеушілігінен туындаған белгілі бір ауруларды емдеуге немесе алдын алуға арналған қосалқы заттардан тұратын, Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 1-бөліміне 5-қосымшада осы зат үшін белгіленген, ересектер үшін рұқсат етілген ең жоғарғы деңгейден асатын тәуліктік дозасы кем дегенде бір белсенді заттың мөлшері бар, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын витаминді препараттар 1 және 6 Сыртқы экономикалық тауарлар номенклатурасын түсіндірудің негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 3004 50 000 қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Тері күтімін жасау үшін сыртқы қолдануға арналған препараттар (мысалы, крем түрінде) (оның ішінде ылғалдандыруға, емдеуге, зақымдануды (жаралар, жарықтар, күн және термиялық күйік) қалпына келтіруге арналған, құрамында витамин туындысы және белсенді ингредиент ретінде қосалқы заттар бар препараттар 1 және 6 Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 3304 99 000 0 қосалқы позициясында сыныпталады.

3. Күнделікті дозада дәрумендерге қажеттілігі жоғары ересек адамдардың қоректендірілуіне теңдестірілген қосымша ретінде ұсынылатын хош иістендіргіштері, қоректік заттары және басқа да заттары бар витаминдер қоспасынан тұратын (көк тамырға енгізуге арналғандарды қоспағанда) әрбір жеке дәруменнің дозасы санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 1-бөліміне 5-қосымшада осы зат үшін белгіленген ересектер үшін

тұтынудың жоғарғы рұқсат етілген деңгейінен аспайтын, санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын поливитаминді кешендер 1 Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 2106 тауар позициясында сыныпталады .

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия*  
*Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК